ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 23 мамыр №2301-23-00-2/771 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Габит» Габит Куанышевич Космурзаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі М.З.Коспакова
Жауапкер Г.Космурзаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 6 наурызда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №60 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «80 метр кілемше» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы - 334 240 теңге, орындау мерзімі - Шартқа қол қойылған күннен бастап 22 наурызға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауар жеткізілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатысып, талапты мойындап, кілемшелерді әр түрлі көлемде кесіп қойғандарын, алайда тапсырыс беруші тауарды кесілген түрде қабылдаудан бас тартқандығын көрсетіп, сол себептен шарт бойынша міндеттемелерді орындауға мүмкіндік болмағанын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазіргі таңда, жауапкер шарттың міндеттемелерін толық көлемінде орындамаған. Шарт 2023 жылғы 19 сәуірде бір жақты бұзылған.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, бала бақшаға қажетті кілемшелер мерзімінде жеткізілмей, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдары пайда болғанын айтып өтті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер дара кәсіпкер «Габит» Габит Куанышевич Космурзаевті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 30.05.2023

Дара кәсіпкер «Габит» Габит Куанышевич Космурзаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Габит» Габит Куанышевич Космурзаевтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Копия верна

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама

Шешім заңды күшіне 2023 жылы "30" маусымы енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 30.05.2023

2301-23-3-1/857